

"Маңғыстау атом энергия комбинаты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны бойынша бюджеттен тыс қорларға төлемдерді кейінге қалдыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 31 наурыз N 277

"Маңғыстау атом энергия комбинаты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнында қаржы жағдайын және өндірістің тоқтаусыз жұмыс істеуін тұрақтандыру үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

қосымшаға сәйкес төлемдердің түрлері бойынша бөлу арқылы, "Маңғыстау атом энергия комбинаты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны бойынша пайда болған айыппұл санкцияларын ескере отырып, 1998 жылдың 1 наурызындағы 2223348 мың теңге сомасындағы бюджеттен тыс қорларға төлемдер жөніндегі берешекті 1999 жылдың 1 қаңтарына дейін;

"Маңғыстау атом энергия комбинаты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ағымдағы жалақыны төлеуге байланысты, бюджеттен тыс қорларға төлемдерін 1998 жылдың 1 қарашасына дейін кейінге қалдырсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда

министрлігі "Маңғыстау атом энергия комбинаты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бюджеттен тыс қорларға төлемдер бойынша өткен жылдардағы кейінге қалдырылған берешектерін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетімен келісілген кестеге сәйкес 1999-2000 жылдардың ішінде өтеуін қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 31 наурыздағы
N 277 қаулысына
қосымша

"Маңғыстау атом энергия комбинаты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны бойынша бюджеттен тыс қорларға төлемдер жөніндегі кейінге қалдырылған берешектердің

ҚҰРЫЛЫМЫ

мың теңге

Төлемнің атауы	Негізгі борыш	Өсімдер мен	Жиыны
----------------	---------------	-------------	-------

айыппұлдар

Зейнетақы қоры	1236687	361737	1598424
----------------	---------	--------	---------

Жол қоры	188644	259498	448142
----------	--------	--------	--------

Жұмыспен қамту қоры	108830	3700	112530
---------------------	--------	------	--------

Міндетті медициналық сақтандыру қоры	60927	3325	64252
--------------------------------------	-------	------	-------

Жиыны	1595088	628260	2223348
-------	---------	--------	---------
